



«Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 – 2023 оқу жылының
жалпы білім беретін пәндерге арналған типтік
оқу жоспары

2022 – 2023 оқу жылы

Түркістан облысы
Төлеби ауданы
Қ.Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылына арналған жұмыстың оқу жоспары
Түсінік хат

Оқу жоспары мектептің 2022-2023 оқу жылында білім беру процесінде базистік және типтік оқу жоспарын ұйымдастыруда жұмыстың негізі болып табылады. Оқу процесін ұйымдастыруда 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаты және ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы басшылыққа алынды.

Оқу жоспары кез-келген оқу орының ішкі тәртібін ұйымдастырады. Типтік оқу жоспарлары оқушылармен және олардың ата-аналарының білімділік сұраныстары мен педагогикалық мүмкіндігін ескерілген жалпы білім беретін нақты оқу орындағы жұмыстың оқу жоспарын дайындау үшін негізі болып табылады. Осыған орай, мектептің 31.08.2022 жылғы педагогикалық №1 кеңесінің қаулысының негізінде және төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа алынып жасалынды. 1-11 сыныптарға білім беру процесіне Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 1,6,86 қосымшалары негізге алынды.

1) Мектеп алды даярлық білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымша .
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша.

2) 1,2,3,4 -сыныптарда білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1 қосымшасы.

3) 5,6, 7,8,9-сыныптарда білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына, 6 қосымшасы.

4) *10-11 сыныпта білім беру процесі:*

□ Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

□ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына, 86 қосымшасы.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес дайындалады.

2022-2023 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзіреттілік» курсы және басқа да элективті курстар мектептің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты және оқушылардың талдауы ескеріле отырып, 2022 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді.

«Жаһандық құзіреттіліктер» (аптасына 5-8сыныпта 0,5 сағат.9,10,11сыныптарда 1-сағат) курсына:

«Парасаттылық және әдеп», «Экология», «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»,«Медиасауаттылық», «Зайырлылық және дінтану негіздері».бөлімдері енгізілген

- Аталған курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен пәнінің мұғалімдері жүргізеді.

Білім алушыларды үйде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында көрсетілді.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 1-11 сыныптарға арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарлары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 10-тарау.

Оқу жоспарын 2022 жылдың 31 тамызында өткен № 1 педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітілді.



Мектепалды даярлық тобының типтік оқу жоспары
Оқыту қазақ тілінде

	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы		Жұктеме сағат	
		0 «А»	0 «Ә»	Апталық	Жылдық
1.	Дене шынықтыру	3	3	6	210
2.	Сөйлеуді дамыту	2	2	4	140
3.	Көркем әдебиет	2	2	4	140
4.	Сауат ашу негіздері	3	3	6	210
5.	Қазақ тілі	2	2	4	140
6.	Математика негіздері	3	3	6	210
7.	Қоршаған ортамен таныстыру	2	2	4	140
8.	Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру	1	1	2	70
9.	Музыка	2	2	4	140
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25-30 минут	25-30 минут		
	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	20	20	40	1400
	Барлығы	20	20	40	1400

Мектепалды даярлық тобының типтік оқу жоспары
Оқыту орыс тілінде

	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы		
		0 «Б»	Апталық	Жылдық
1.	Дене шынықтыру	3	3	105
2.	Сөйлеуді дамыту	2	2	70
3.	Көркем әдебиет	2	2	70
4.	Сауат ашу негіздері	3	3	105
5.	Қазақ тілі	2	2	70
6.	Математика негіздері	3	3	105
7.	Қоршаған ортамен таныстыру	2	2	70
8.	Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру	1	1	35
9.	Музыка	2	2	70
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25-30 минут		
	Барлығы	20	20	700